

Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 162 "2022-2024 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 24 маусымдағы № 267 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 162 "2022-2024 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 54538,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3127,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 70,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 51341,0 мың теңге;

2) шығындар – 55658,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1120,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1120,4 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 1120,4 мың теңге";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

- 1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;
- 2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық округтің 2022 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен 5870,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Қауылжыр ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 22
маусымдағы № 267 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 27
желтоқсандағы № 162 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Қауылжыр ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I.Кірістер	54538,0
1			Салықтық түсімдер	3127,0

	04		Меншікке салынатын салықтар	2893,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	120,0
		3	Жер салығы	24,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2749,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	234,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	234,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	70,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	70,0
		1	Жерді сату	70,0
4			Трансферттердің түсімдері	51341,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51341,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51341,0
			II. Шығындар	55658,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	47398,1
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	47398,1
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47398,1
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету	47177,1
			001	

				жөніндегі қызметтер	
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	221,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8260,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	8260,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	8260,0
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	900,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1980,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	5380,0
15				Трансферттер	0,3
	1			Трансферттер	0,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,3
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,3
				III. Бюджет тапшылығы (профицит)	-1120,4
				IV. Бюджет тапшылығын	1120,4

			қаржыландыру (профицитті пайдалану)	
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1120,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1120,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1120,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК